

Касым-Жомарт Токаев принял Премьер-министра Олжаса Бектенова



akorda.kz

Глава государства заслушал отчет о социально-экономическом развитии страны и повышении эффективности деятельности Правительства.


Президент был ознакомлен с ходом исполнения поручений по диверсификации и стимулированию роста экономики через масштабную программу поддержки реального сектора и модернизации инфраструктуры. Премьер-министр также рассказал о прохождении отопительного сезона, подготовке к весенне-полевым работам

и паводковому периоду.

Кроме того, Касым-Жомарт Токаев был проинформирован о работе Правительства по внедрению современных цифровых методов управления для содействия развитию бизнеса и привлечения частных инвестиций.

В завершение Президент поручил Олжасу Бектенову активизировать усилия, направленные на обеспечение роста и диверсификацию экономики. Отмечена важность системной деятельности по решению задач, касающихся инфраструктурного развития, модернизации энергетики и коммунального хозяйства.

Более тысячи карагандинцев планируют призвать в армию этой весной



gov.kz

Первого марта в Казахстане стартовал весенний призыв граждан на срочную воинскую службу. В ряды вооруженных сил страны из Карагандинской области планируют призвать более тысячи молодых людей.

Призывники оповещают о явке в военкоматы повестками и SMS.

– При получении уведомления призывники обязаны явиться в местные органы военного управления по месту жительства для прохождения медкомиссии. Она определяет степень годности призывника к прохождению срочной службы, – рассказал начальник управления призыва Департамента по делам обороны Карагандинской области Дмитрий Буксман на брифинге на площадке Региональной службы

коммуникаций.

За неявку в военкомат при наличии повестки предусмотрен штраф – 5 МРП. А за постоянное игнорирование штрафа будет 1000 МРП, или год лишения свободы в соответствии со статьей № 387 УК РК.

Что касается студентов ВУЗов, то им теперь не надо постоянно носить справки о том, что они проходят обучение. Учебные заведения сами передают информацию в отделы по делам обороны через интеграционный шлюз.

Как отметили на брифинге представители департамента по делам обороны, сейчас созданы необходимые условия для прохождения воинской службы, учитывается даже желание призывника или его родителей о службе в тех или иных воинских подразделениях.

Напомним, на срочную службу призываются мужчины от 18 до 27 лет.

ЖИЗНЬ ГОРОДА

МАСЛЕНИЦА - ЧУВСТВУЕТСЯ ДЫХАНИЕ ВЕСНЫ!

Прошедшая пятница ознаменовалась в нашем городе встречей Масленицы – одного из шумных и веселых праздников. Несмотря на то, что еще лежит снег, тем не менее, уже чувствуется дыхание весны – на календаре март, звенит весенняя капель, и все меньше и меньше остается настоящего снега. Да и настроение вполне весеннее – поэтому и встреча Масленицы получилась очень веселой.

Надежда ЦХАЙ

Прямо на улице в сквере за Домом культуры были слышны задорные песни, горожане плясали под любимые мелодии, звучали шутки – прибаутки. На радость детей и взрослых по всему скверу были расставлены столы с щедрым угощением – традиционные ароматные блины со сметаной, медом и вареньем, булочки и печенье, румяные караваи и баранки, сладости и горячий чай из самовара – каждый мог попробовать все, что душа пожелает. Тем более, что угощение было у всех разное, и, конечно, хотелось попробовать блины у всех. В организации праздника приняли участие творческие коллективы Дома культуры, Центральной библиотечной системы, общеобразовательных

школ.

Одним из ключевых моментов этого веселого праздника стал выход Масленицы, которая предложила подвижные игры и забавы.

Здравствуй, лод честной, веселись народ!

Вас угощу я блинами, да забавами!

А кто будет плясать, петь и шутить, Тому зиму прогнать поможем!

На радость детворе Масленица загадала всем интересные загадки про весну, солнце, весенние угощения.

А хор ветеранов «Мудрость» подарил всем участникам праздника красивое вокальное произведение «Под окном широкий». Также выступили А. Цепелева, М. Пахомова и др.

Отдельный блок праздника – это спортивные состязания и зимне – весенние забавы, в которых, казалось, приняли участие все дети, пришедшие на этот классный праздник. Желаю-



щие, став участниками двух команд «Зима» и «Весна», могли попробовать свои силы в перетягивании каната, пробежать в мешке определенное расстояние или метнуть валенок. Отдельно состоялся конкурс для гурманов «Кто быстрее съест блин». А после каждого конкурса всех – и победителей, и участников ожидали небольшие призы – сувениры, блины, сладости.

Пусть нынешний год будет добрым и светлым! Пусть исполняются ваши желания! А каждый день будет солнечным и ярким, как масленичный блин!



ДАНЫ РЕКОМЕНДАЦИИ

На прошлой неделе состоялось второе заседание Общественного совета в новом составе под председательством С. Тлекбаева.

Надежда ЦХАЙ

В ходе заседания члены Общественного совета обсудили вопросы

исполнения программы «Бюджет народного участия», а также исполнение одиннадцати проектов в текущем году.

Кроме этого, была заслушана ин-


формация о развитии индустриальной инфраструктуры в рамках Национального проекта по развитию предпринимательства на 2021 – 2025 годы.

Все проекты, реализуемые в рамках данных программ, важны для Сарани. Поэтому эта работа на контроле.

В свою очередь члены Общественного совета задали ряд вопросов, касающихся в том числе, ремонта фасадов по проспекту Ленина, отопления от Центрального теплоисточника, газификации и многое другое.

Кроме этого, были даны рекомендации по реализации проектов о соблюдении сроков, рабочих графиков.

RoboLand-2025: ірі халықаралық робототехника фестивалі әлемнің түкпір-түкпірінен қатысушыларды қайта жинайды



X Халықаралық RoboLand-2025 робототехника фестиваліне қызу дайындық жүріп жатыр. Биыл фестиваль Қазақстанның түрлі облыстарынан, сондай-ақ Болгария, Иран, Ресей, Әзірбайжан, Өзбекстан және Қырғызстаннан келген командаларды жинайды. Қарағанды тағы да техникалық шығармашылық, инновация және инженерлік жаңалықтар орталығына айналады.

Фестиваль 2025 жылғы 28-29 наурызда «Жастар» спорт кешенінде (Қарағанды қ., Қазақстанская к-сі, 1/4) сағат 08.30-17.00 дейін өтеді.

Биыл қатысушыларды 23 санат бойынша қызықты жарыстар күтіп тұр, соның ішінде ең танымал: «Кегельринг», «Лабиринт», «Квадрокоптерлерді маневрлеу», «Шығармашылық санат» және басқалары. Жарысқа 362 команда қатысады деп жоспарланып отыр, бұл 750-ден астам қатысушы. RoboLand 2025 финалисті атану үшін 2000-нан астам бала іріктеу жарыстарына қатысып, 400-ден астам команда іріктеу кезеңінде бақтарын сынады. Енді қатысушылар RoboLand-2025 финалына дайындалып жатыр.

Фестиваль аясында дәстүрлі «Қарағандылық кездесулер» өтеді. Биыл пікірталастардың тақырыбы – «Білім беруді цифрлық трансформациялау: трендтер мен перспективалар», онда жетекші сарапшылар оқу процесіне цифрлық технологияларды енгізуді талқылайды және STEM-білім беруді дамыту бойынша тәжірибе алмасады.

Фестивальді ұйымдастырушылар – Қарағанды облысының білім басқармасы, Білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің қолдауымен «Kazdidac» қауымдастығы. Бас демеуші – «Базистік дүкен» ЖШС, ресми демеушілер – DIGIS AV және Регион 715 компаниялары. Демеушілер – RadioMart.kz, ARYSTAN IT group және Ұлыбританияның Gratnells компаниясы.

Әр түрлі елдерден қатысушыларды асыға күтеміз және жарқын жаңалықтар, шабыт және жаңа жеңістер үшін барлық жағдайды жасауға дайынбыз!

Толығырақ ақпаратты www.roboland.kz фестивалінің ресми сайтында алуға болады.

Қосымша ақпарат алу үшін:
Тел./факс: +7 (7212) 41 51 94
Ұялы тел.: +7 (776) 006 82 88
E-mail: roboland.kz@gmail.com



RoboLand-2025: крупнейший международный фестиваль робототехники вновь собирает участников со всего мира



Подготовка к юбилейному X Международному фестивалю робототехники RoboLand-2025 идет полным ходом! В этом году фестиваль соберет команды из различных областей Казахстана, а также участников из Болгарии, Ирана, России, Азербайджана, Узбекистана и Кыргызстана. Караганда вновь станет центром технического творчества, инноваций и инженерных открытий.

Фестиваль пройдет 28-29 марта 2025 года в спорткомплексе «Жастар» (г. Караганда, ул. Казахстанская, 1/4). Время проведения с 08:30 до 17:00.

В этом году участников ждут захватывающие соревнования в 23 категориях, в том числе, самые популярные: «Кегельринг», «Лабиринт», «Маневрирование квадрокоптеров», «Творческая категория» и другие. В соревнованиях планируют принять участие 362 команды, а это более 750 участников. Для того, чтобы стать финалистом RoboLand-2025 более 2000 ребят приняли участие в отборочных соревнованиях и более 400 команд попытались удачу в квалификационном отборе. Теперь участники усиленно готовятся к финалу RoboLand-2025!

В рамках фестиваля пройдут традиционные «Карагандинские встречи». В этом году тема дискуссий – «Цифровая трансформация образования: тренды и перспективы», где ведущие эксперты обсудят внедрение цифровых технологий в учебный процесс и обменяются опытом по развитию STEM-образования.

Организаторы фестиваля: Управление образования Карагандинской области, Учебно-методический центр развития образования, Ассоциация «Kazdidac» при поддержке Министерства Просвещения РК. Генеральным спонсором является ТОО «Базисный магазин», официальными спонсорами - компании DIGIS AV и Регион 715. Спонсоры: RadioMart.kz, ARYSTAN IT group и компания Gratnells из Великобритании.

Мы с нетерпением ждем участников из разных стран и готовы создать все условия для ярких открытий, вдохновения и новых побед!

Более подробная информация доступна на официальном сайте фестиваля www.roboland.kz.

Для получения дополнительной информации:






Тел./факс: +7 (7212) 41 51 94
Моб. тел.: +7 (776) 006 82 88
E-mail: roboland.kz@gmail.com

Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында «2025 жылдың көктемінде азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру» тақырыбында брифинг өтті. Шараға Қарағанды облысының Қорғаныс істері жөніндегі департаменті басшысының орынбасары – Әскерге шақыру және әскерден тыс жұмыс басқармасының бастығы, полковник Буксман Дмитрий Александрович және Қарағанды облысының Қорғаныс істері жөніндегі департаменті басшысының орынбасары – Тәрбие және идеологиялық жұмыстар басқармасының бастығы, подполковник Мұстағұлов Еркебулан Серікұлы қатысты.

Брифинг барысында Қарағанды облысынан көктемгі мерзімді әскери қызметке 1000-нан астам сарбаз шақырылатыны айтылды. Сондай-ақ, мерзімді әскери қызметшілерге қарастырылған жеңілдіктер туралы ақпарат берілді.

На площадке Службы региональных коммуникаций состоялся брифинг на тему «Весенний призыв граждан на срочную военную службу в 2025 году». В мероприятии приняли участие заместитель начальника департамента – начальник управления призыва Департамента по делам обороны Карагандинской области, полковник Буксман Дмитрий Александрович и заместитель начальника Департамента по делам обороны Карагандинской области – начальник управления воспитательной и идеологической работы, подполковник Мустагулов Еркебулан Серикович.

В ходе брифинга было озвучено, что этой весной на срочную военную службу из Карагандинской области будут призваны более 1000 новобранцев. Также представлена информация о льготах, предусмотренных для военнослужащих срочной службы.



БІРЛІК ПЕН ДОСТЫҚТЫҢ ЖАРҚЫН МЕРЕКЕСІ



Дина ӘБДІҒАЛИЕВА

Саран қаласында Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына және Алғыс айту күніне орай «Бір шаңырақ астында» атты форум өтті.

28 ақпан күні «Достық үйі» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығының іші айтарлықтай түрлене түсті. Кіреберістен кірген бетте қонақтарды ұлттық нақышта киінген қыз-жігіттер ыстық бауырсақтармен қарсы алып, қонақжайлылығын көрсетіп, бірден мерекелік көңіл сыйлады. Орталық кітапхана ұжымы «Алғысым шексіз саған, Қазақ елі» деген атаумен ел назарына рухани қазынаға толы

көрмесін паш етті. Ал форумның өзі мерекелік күйде өте білді. Оған қаламыздың қадірлі азаматтары, бірлік пен татулықты ту өтіп жүрген этномәдени қоғамдық бірлестігінің өкілдері, қазыналы қарияларымыз бен ақжаулықты әжелеріміз, аға буынның ізін басып келе жатқан жас буын өкілдері қатысты.

Шарада қала әкімінің орынбасары Сағынбек Бейскеев жиналған қауымды Алғыс айту күнімен құттықтап, Саран қаласында сан түрлі этнос өкілдері бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп жатқандығын атап өтті. Әрі Саран қаласы ақсақалдар кеңесінің төрағасы Б. Аброевты, қалалық Аналар кеңесінің төрағасы Г. Жүсіпбекованы, Ақтас кенті Аналар кеңесінің төрағасы Г. Кулкаеваны, қалалық мешіттің бас имамы Н. Мусабековті, Саран қаласындағы Әулие Тихон шіркеуінің аға попы В.Бухлеевті ізгіліктің, рухани келісімнің, достық пен



этносаралық бірлікті нығайтуға зор үлес қосқаны үшін қала әкімінің Алғыс хатымен марапаттады.

Дәл мұндай марапат «Якташлар» татар-башқұрт этномәдени қоғамдық бірлестігінің төрағасы А.Святохаға, «Вайнах» шешен-ингуш этномәдени бірлестігінің өкілі С. Буцуговке, Саран қаласының Аналар кеңесінің мүшесі Татьяна Стрельчукке, «Жас Отау» этномәдени қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Н.Кернебаеваға, «Ақ шаңырақ-2012» қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрін қайта жандандыру этномәдени қоғамдық бірлестігінің жетекшісі С.Супьяноваға, Ақтас кенті Аналар кеңесінің хатшысы Е.Свиридоваға табысталды.

Марапаттау салтанатында сөз алған Қарағанды облысының Қазақстан халқы Ассамблеясы Аналар кеңесінің мүшесі, денсаулық сақтау саласының ардагері Марина Фатеева бейбітшілік пен до-

стық, бірлік пен береке ынтымақтың алтын көпірі екендігін айта отырып, барша қауымды көктемнің алғашқы күнімен тұспа-тұс келген Алғыс айту күнімен құттықтады.

Сонымен қатар, форумға арнайы келген «Дүниежүзі қазақтар қауымдастығының» Қарағанды облысындағы филиалының төрағасы, Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты Меруеш Башайқызы бірлік, татулық, ынтымақ еліміздің басты құндылығы екенін алға тарта отырып, Қазақстан халқы Ассамблеясының мән-маңыздылығына тоқталды. Ел басына түскен қиын сәттерде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарған қазақстандықтарға, этнос өкілдеріне алғысын білдірді.

Форум барысында жігер мен рухқа толы әндер орындалды. «Детство» үлгілі би ансамблі мен «Амадеус» ансамблінің өнері тамашаланды.

МӘДЕНИЕТ ОШАҒЫНДА

АҚТАСТА БАТА БЕРУДЕН ЖАРЫС ӨТТІ



Дина ӘБДІҒАЛИЕВА

«Ал, батамды берейін, арта берсін мерейін...» деп Ақтас кентінің мәдени-сауық орталығының сахнасында ізгілік пен мерейге толы бата беруден байқау өтті. «Бата» десе ойымызға бірден данағөй, қазыналы қарияларымыз келсе, осы жолы сері азаматтарымыз ерекшелене түсті.

Дана халқымыз «Батаменен ел көгерер, жаңбырменен жер көгерер», «Баталы ер арымас, батасыз ер жарымас» деп бекер айтпаған. Бұл сөздердің астарында үлкен мән жатыр. Ата-бабаларымыз

әрқашан тілегін тілеп, берілген батаға ерекше ден қойған. Қуанышты тойлар мен келелі жоралғыларда елге сыйлы, қадірлі қариядан бата алу арқылы ұрпақты адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеген. Бүгінде бұл дәстүр ұмыт болмай өз жалғасын табуда.

Таяуда Ақтас кентінің мәдени-сауық орталығында қазақ халқының салт-дәстүрі күні аясында «Баталы елге – бақ қонар» атты бата беруден байқау өтті. Байқауда Ақтас кентінің мәдени-сауық орталығының директоры Майра Кульджабаева жақсылық пен ықыластың, көңілдің сәнін келтіріп, өмірдің мәнін ұғындыратын бата жайлы айта отырып, сахнада өнер көрсететін қатысушыларға сәттілік тіледі.

Біз биыл бірінші рет бата беруден байқау ұйымдастырдық. Шараның негізгі мақсаты – жастарға қазақ халқы-

ның салт-дәстүрі мен әдеп-ғұрпының тәрбиелік мәнін ұғындыру, бойларына адамгершілік, имандылық қасиеттерін қалыптастыру, халық өнегесін бойына сіңіру. Сахнада 9 қатысушы өнер көрсететін болады, - деп атап өтті Ақтас кентінің мәдени-сауық орталығының директоры Майра Кульджабаева.

Әділ қазылар құрамында болған еркін күрестен ССРО спорт шебері, Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы А.А.Мусабеков, Ақтас кенті мешітінің наиб имамы Р.С.Слямкулов және «Ата, әжелер» тобының әншісі, дипломант Ж.А.Садықов қатысушыларды сөз саптауына, орындау шеберлігіне қарай бағалады. Жарыстың өзі бас-аяғы 3-кезеңнен тұрды. Ең алдымен әр қатысушы өз-өзін таныстырса, келесінде бата беріп, шешуші сәтте

сұрақ-жауапта мүдірмей дұрыс жауап беруге тырысқан. Бұл бағытта жастардың дайындығы, белсенділігі ерекше көзге түсті.

Бата берген азаматтар ішінде «Көрермен көзайымы» номинациясы 85510 бөлімінің бөлімше командирі Галкин Олегке бұйырды. Жұлделі 3-орынды 44803 әскери бөлімнің сарбазы Абдукарим Мағжан, 2-орынды №16 жалпы білім беретін мектебінің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі иеленсе, 1-орынмен 44803 әскери бөлімнің сарбазы Абжан Мейржан марапатталды.

Осы тұста атап өтетін бір жайт, ізгілік пен игілікке толы бұл байқау әрі қарай да өз жалғасын табады. Ұйымдастырушылар жыл сайын өткізілетін дәстүрлі шаралардың біріне айналдыруды жоспарлап отыр.



8 НАУРЫЗ - ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІ МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ

ӘЙЕЛ – АНА, ӘЙЕЛ – БАТЫР, ӘЙЕЛ – ЖАР

Әйел адамның жұдырықтай жүрегіне жылылық пен ұлылық ұялаған. Олардың қоғамдағы, жалпы адамзаттың өмірінде алатын орны да ерекше. Бүгінде нәзік жанды арулар ошақтың қасынан да табылып, жұмысты да қоса алып жүруге үлгереді. Ал ең бастысы олар отбасының ұйытқысы, тыныштықтың шырақшысы.

Дина ӘБДІҒАЛИЕВА

Алғашқы жолдарымыз ару жандар жайлы бекер басталмады. Себебі алда, қыз-келіншектердің мәртебесін көтеретін, жүздеріне жылулық ұялататын 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні келе жатыр. Көктемнің шуақты мерекесіне орай Абай атындағы жалпы білім беретін мектепте техникалық қызметші болып жұмыс істеп жүрген Таңбаева Базаркүл Нұрманқызымен тілдестік.

Ол өзінің қарапайым болмысын сақтай отырып, әрдайым жұмысына асқан жауапкершілікпен қарайтын жан. Базаркүл Таңбаева 1969 жылы Өзбекстан Республикасында дүниеге келді. 2017 жылдан бері жанұясымен бірге Саранға көшіп, жетпіс жылдан артық тарихы бар қалаға аяқ басты.

Қазіргі таңда Абай атындағы жалпы білім беретін мектепте техникалық қызметші ретінде 7-ші жыл қызмет атқарып келемін. Үйдің отағасы жүргізуші болып жұмыс істейді. Екі балам бар. Біреуі мектеп психологы болса, кенжеміз студент, - деді Базаркүл Нұрманқызы.

Ардақты ана, сыйлы дос бола білген Базаркүл Нұрманқызы бос уақытында дәмі тіл үйіретін әртүрлі тағам түрлерін әзірлегенді, эстрадалық әндерді

тындағанды ұнатады. Оның әр күні өзіндік бір үйлесімге толы. Ол үшін өмірдің мәні сұлулық пен мейірімділіктен, үздіксіз рухани ізденістен тұрады. Жанұясымен бірге Наурыз айында атап өтілетін мерекелерді асыға күтеді. Оның ішінде 8 наурыз бен Ұлыстың ұлы күніне деген құрметі ерек.

Құрметті ханымдар! Сіздерді көктемнің ерекше мерекесі 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын! Көктемнің бәйшегіндей құлпырып, сұлулық пен нәзіктіктің иесі болып, бақытты да баянды өмір кешіңіздер. Ең алдымен дендеріңізге саулық, көңілдеріңізге шаттық, отбасыларыңызға құт-береке, елімізге тыныштық тілеймін, - дей келе аяулы ана барлық қыз-келіншектерді келе жатқан көктемнің шуақты мерекесімен құттықтады.

Әйел-ана қанша жерден нәзік болса да, оның жігері мен рухы мықты келген. Бір қолымен бесікті тербетіп, адамзат баласына ұрпақ сыйлар ұлы құдірет иесінің есімі әрқашанда қастерлі, сөзі өсиет, тұғыры биік болмақ. Біз өз кезегімізде Базаркүл Нұрманқызын және барша жүзі мейірімге, қолы қайырымды келген аяулы аруларды, аналар мен әжелерді Халықаралық әйелдер күнімен құттықтаймыз! Жүздеріңіз әрдайым нұр шашып, күндей күлімдеп, көңілдеріңіз көктемдей көрікті болсын!



К МЕЖДУНАРОДНОМУ ЖЕНСКОМУ ДНЮ

ПРАЗДНИК КРАСОТЫ И ЖЕНСТВЕННОСТИ

Второго марта в Культурно – досуговом центре поселка Актас прошел конкурс среди девочек «Көктем аруы – 2025», посвященный Международному женскому дню 8 марта.

Надежда ЦХАЙ

Этот конкурс, в котором приняли участие юные жительницы поселка от 10 до 12 лет, подарил массу незабываемых эмоций как самим участницам, так и зрителям. Ведь за девочек пришли поболеть и пожелать удачи родные и

близкие, друзья и знакомые. Поэтому этот праздник красоты, добра и женственности прошел на высшем уровне. Много было подарено позитивных эмоций зрителям, которые с нетерпением ожидали выход каждой участницы.

Всего в рамках конкурса было пять заданий, начиная от традиционной «Визитки» и заканчивая конкурсом на лучшую прическу или наряд. Безусловно,

каждая участница проявила себя как настоящая принцесса – столько грации, смелости, искренности и женственности!

Жаль, что и здесь строгому жюри, в состав которого вошли уважаемые жительницы поселка Актас, нужно было определить победительницу. А это стало делом нелегким! Каждая девочка была достойна главного первого места, ведь все уникальны! Но победительницей все же была определена ученица 5 класса общеобразовательной школы №16 Диана Майнина. А остальные участницы – Спан Элзара, Әбілхасым Балауса, Куратова Дарья, Самат Айзе-

ре, Қанат Томирис, Сосновая Яна, Борецкая Таисия, Оралбай Медина были награждены памятным призами и подарками, а также удостоены различных номинаций. Кроме этого, каждая из маленьких красавиц получила сотни улыбок, комплиментов и слов поддержки!

Стоит отметить, что такой конкурс в поселке Актас был проведен впервые. И, как отметили организаторы этого большого праздника, конкурс понравился всем, поэтому можно смело говорить о новой традиции, которая теперь появится в Культурно – досуговом центре Актаса!



МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ САЯСАТЫ



ТІЛ – БІЗДІҢ НАМЫСЫМЫЗ, АРЫМЫЗ, БАЙЛЫҒЫМЫЗ

Тіл – халық тарихы, тіл – ұлттық қазына. Тіл – біздің намысымыз, арымыз, байлығымыз, барымыз. Қазақ тілі – қазақтың мәдениетімен біте қайнасып жатқан рухани қазына.

Қанымызға сіңісті, жанымызға жұғысты ой – санамызға нұрлы шуақ сыйлап, сілкіндіріп серпілтетін, марқайтып қанаттандыратын өзіміздің – мемлекеттік тіліміз. Тіл қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Ол достықтың кілті, ынтымақтастықтың бастауы, ырыс – берекенің алды, ұлттың әрі жаны, әрі ары. Тіл жай сөз емес, өмірдің талай сынынан өткен, өскелең талаптарға сәйкес өрістей түскен толқынды ақиқат десек, жаңыла қоймаспыз. Тілсіз қоғамның қандай түрі болса да өмір сүре алмайды, ол тілдің өзі қоғам бар жерде ғана пайда болып, өмір сүреді. Демек, қоғамнан тыс, бөлек тіл жоқ. Ана тілі – қоғамның жемісі. Тіл әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Тіл байлығы – әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол – атадан балаға мирас болып қалатын, баға жетпес мұра. Баға жетпес мұрамызды дәріптеу, әр тіл жанашырының міндеті.

Қазақ тілі – қазақтың мәдениетімен біте қайнасып жатқан рухани қазына. Мұхтар Әуезовтың «Ұлт болғың келсе, бесіңді түзе» деуі тегін айта салған сөз емес, сол себепті жаңа өсіп келе жатқан жас буынға әр кез, қай жерде болмасын өзінің ұлттық қазынасы ана тіліне деген құрметі жоғары болуы керек.

Тіл – тазалықтың, пәктіктің, иман-

дылықтың жаршысы. Тіл – тәуелсіздігіміздің қуатты құралы, асыл ой мен парасат белгісі, елдігіміз бен бірлігіміздің туы. Болашағымызды баянды етер қаруымыз – тіліміз!

Халқымыздың біртуар перзенті Мағжан Жұмабаев: «Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болуы керек. Ұлттың тілінің кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат ешнәрсе болмауы тиіс. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, мінезі, айнадай көрініп тұрады. Қазақтың тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түндей тұнық, біресе құйындай екпінді тарих, Сары дала үдіре көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр. Қазақтың сары даласы кең, тілі бай. Осы күнгі түрік тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, оралымды, терең тіл жоқ», – деп тіл жайында терең толғанған екен.

Бүгінгі қазақ тілінің тағдыры мен болашағы, қадір – қасиеті, тіл жанашырлары да аз ойландырып, аз толғандырып жүрген жоқ. «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде», «Ана тілі – бәріміздің анамыз, өйткені ол – ұлтымыздың анасы» деген сөздер Қазақстан халқының басын біріктіруші ұйтқысы болуды меңзейді. Сондықтан әр адам ана тілін көзінің қарашығындай сақтауға, білуге тиіс.

**Ж. Джумашева,
Саран қаласының ПБ**

Казахский язык для всех

В целях создания условий для изучения государственного языка продолжаем рубрику «Казахский язык для всех».

Здесь собраны ситуационные диалоги и фразы, с помощью которых можно поддерживать беседу, а также задать интересующие вопросы.

№20 сабақ

Тұрмыстық химия дүкенінде
В магазине бытовой химии (№2)



| | |
|---|---|
| Здравствуйте! | Сәлеметсіз бе! |
| Здравствуйте! Что Вам нужно? | Сәлеметсіз бе! Сізге не керек? |
| Мне нужен стиральный порошок и туалетное мыло. | Маған кір жуғыш ұнтақ пен иіс сабын керек. |
| Какой стиральный порошок Вам дать? | Қандай ұнтақ берейін? |
| Есть качественные и хорошо удаляющие пятна? | Сапалы, дақтарды жақсы кетіретіні бар ма? |
| Тогда эти порошки хорошие: «Persil», «Миф», «Tide». | Онда «Persil» «Миф» «Tide» ұнтақтары жақсы |
| Пожалуйста, дайте мне порошок «Миф» и два туалетных мыла. | Маған «Миф» ұнтағын және екі иіс сабын беріңізші. |
| Сейчас в пакет положу. | Қазір пакетке салып берейін |
| Сколько платить? | Қанша төлейін? |
| 1500 тенге. | 1500 теңге |
| Спасибо, до свидания! | Рақмет, сау болыңыз! |
| До свидания! Приходите еще. | Сау болыңыз! Келіп тұрыңыз. |

МАҢЫЗДЫ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА Делдалдық қызмет туралы жалған хабарламаға сенбеңіз!

Соңғы уақытта әлеуметтік желілерде және онлайн-хабарландыру платформаларында азаматтардың кез келген санаты үшін зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілік шегінен (ТЖШ) асатын бөлігін алу бойынша төмен пайызбен делдалдық қызметтер көрсету туралы ұсыныстар таратылуда. Сондай-ақ, «делдалдар» БЖЗҚ мен уәкілетті операторлардың логотиптерін пайдалана отырып, зейнетақы жинақтарын алу бойынша жақын арада өзгерістер күтілетіні туралы хабарлайды. БЖЗҚ мұндай ақпараттың шындыққа жанаспайтынын тағы да қатаң түрде ескертеді.

Сондай-ақ, зейнетақы жинақтарын ҚР Әлеуметтік кодексіне көзделген жағдайларда ғана алуға болатынын ескертеміз. Ең алдымен, ол - зейнет жасы, мерзімсіз уақытқа 1 немесе 2 топ мүгедектігінің белгіленуі, ҚР аумағынан тыс ТТЖ кету, мұрагерлік. Зейнетақы жинағының бір бөлігін тұрғын үй жағдайын жақсарту және/немесе емделу ақысын төлеу мақсатына заңмен бекітілген талаптарды орындаған жағдайда, мына санаттағы азаматтар құқылы:

- ең төменгі жеткіліктілік шегінен асатын жинағы бар салымшылар (ең төменгі жеткіліктілік шегінен асатын сома мөлшерінде);
- зейнетақысы жоғалтқан табысының (бұрын алынған жалақысының) кемінде 40% құрайтын зейнеткерлер – олар шотта қалған жинағының 50% дейін пайдалана алады;
- еңбек сіңірген жылдары бойынша зейнеткерлер (жинағының 100%

дейін);

- зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан салымшылар (жинағының 100% дейін).

Зейнетақы жинақтарын тұрғын үйге немесе емделуге мақсатты пайдалану тек уәкілетті операторлар – екінші деңгейдегі банктер арқылы ғана мүмкін. Тиісінше, делдалдық қызметтер қажет емес. Бұл ретте БЖЗҚ ешқандай ақы алмайды.

Күмәнді әрекетке қатысуға келісе отырып, сіз ақшаңызды жоғалту қауіпін тудырып қана қоймай, болашақта басқа алаяқтық әрекеттер үшін пайдаланылуы мүмкін жеке деректеріңіздің сақталуына да қауіп төндіресіз.

БЖЗҚ өз салымшылары мен алушыларына мұндай ұсыныстарды елемеге, тек ресми көздерден ақпарат алуға және құқықтық тұрғыдан қорғалған салада ғана әрекет етуге қатаң кеңес береді.

Барлық сауалдарыңызға жауап алып, өз зейнетақы жинағыңызды мақсатты пайдалану мен аударуға қатысты ақпараттың дұрыстығын БЖЗҚ бөлімшелерінде де, қашықтықтан да: enpf.kz сайты, БЖЗҚ/ЕНПФ ұялы қосымшасы арқылы, байланыс орталығының 1418 нөміріне қоңырау шалу жолымен көпарналы тегін байланыс немесе +7 777 000 1418 нөмірі бойынша WhatsApp арқылы, БЖЗҚ-ның Однекласники, Telegram, Facebook, Вконтакте, X және Instagram сияқты танымал платформалардағы әлеуметтік желілердегі ресми парақшалары арқылы да тексере аласыз.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА «БЖЗҚ» АҚ көрсететін қызметтердің тиімділігі мен қолжетімділігі жоғары деңгейде

«БЖЗҚ» АҚ (БЖЗҚ, Қор) халықпен қарым-қатынас деңгейін жақсарту мақсатында заманауи технологиялар мен сандық шешімдерді көптеп енгізуде. 2025 жылдың қаңтар айында халыққа шамамен 10,6 млн қызмет көрсетілді. Жыл басынан бері көрсетілген қызметтердің жалпы санынан 2,3 млн астамы электрондық форматта 8,1 млн қызмет автоматты түрде көрсетілген. Осылайша, автоматты, электрондық және қашықтан көрсетілген қызметтердің үлесі жалпы көрсетілген қызметтер санының 99,1% тең болды. Күндізгі форматта шамамен 98,0 млн қызмет көрсетіліп, оның ішінде тікелей Қордың кеңселерінде 95,4 мың қызмет жүзеге асырылған.

Естеріңізге сала кетейік, барлық зейнетақы шоттары БЖЗҚ-ға бірінші жарна түскен кезде автоматты түрде ашылады. Сондай-ақ, «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасының қатысушыларына нысаналы талаптар мен нысаналы жинақтар да автоматты түрде есеттеледі.

Есетпін кезеңі ішінде шартты зейнетақы шоттарын (жұмыс берушінің ЖМЗЖ аударуы нәтижесінде ашылатын ШЗШ) және нысаналы жинақтау шоттарын («Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы аясында ашылатын НЖШ) қоса алғанда, зейнетақы жарналарының барлық түрлері бойынша автоматты режимде ашылған жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) жалпы саны 404,5 жетті.

Жеке зейнетақы шотынан, шартты зейнетақы шотынан (ШЗШ), сондай-ақ нысаналы жинақтау шотынан (НЖШ) үзінді көшірме алу бұрынғысынша ең танымал қызмет санатында. Жыл басынан бері ЖЗШ, ШЗШ, НЖШ-дан шамамен 2,8 млн үзінді көшірме берілді. Оның 2,1 млн астамы - электрондық, ал 605,5 мыңнан астамы автоматты түрде рәсімделді.

Салымшылардың (алушылардың) қор сайтындағы және ұялы қосымшасындағы Жеке кабинеттен үзінді көшірме алудан басқа өз деректемелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, шотының бар екендігі туралы анықтама алу, 1 немесе 2 топтағы мүгедектіктің мерзімсіз уақытқа белгіленуіне байла-

нысты немесе ерікті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру сияқты қызметтерді пайдалануға мүмкіндіктері бар. Сондай-ақ, зейнетақы жарналарын төлеу туралы өтініштің мәртебесін қадағалау, инвестициялық портфельді басқарушыға (ИПБ) жинақтардың бір бөлігін аудару, зейнетақы калькуляторының көмегімен болашақ зейнетақының болжамды есептеу және т.б. қызметтер әлемнің кез-келген нүктесінде 24/7 режимінде қолжетімді.

2025 жылдың қаңтар айында деректемелерді өзгертуге 14,1 мыңнан астам өтініш қабылданып, оның 13,1 мыңы қордың кеңселерінде ұсынылды.

БЖЗҚ мамандарына қандай да бір қызмет түрі бойынша жүгіне отырып, салымшылар, әдетте, жинақтарды қалыптастыруға қатысты қосымша кеңестер ала алады. Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары аясында 3,2 мың көшпелі таныстырылым өткізіліп, оған шамамен 68,4 мың адам қатысты. Бұқаралық ақпарат құралдарында БЖЗҚ хабарламалары бойынша 4,1 мыңнан астам материал жарияланды.

Салымшылар мен алушылардың кері байланыс арналары бойынша түскен өтініштерінің саны шамамен 65,0 мың.

Естеріңізге сала кетейік, кез келген компания қор кеңсесіне барып жинақтаушы зейнетақы жүйесінің мәселелері бойынша таныстырылым мен кеңестер өткізуге өтінім бере алады. Ол үшін 1418 нөмірі бойынша байланыс орталығына қоңырау шалып, қор сайты немесе ұялы қосымшасы арқылы хабарласу қажет.

БЖЗҚ-ның кеңес беру қызметтерін мессенджерлер (+7 777 000 14 18 нөмірі бойынша WhatsApp және Viber чат-боттары) арқылы, 1418 нөмірі бойынша байланыс орталығынан (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін), enpf.kz корпоративтік сайтынан, сондай-ақ, Instagram, Facebook, Вконтакте, X(Twitter), Telegram, Однекласники сияқты әлеуметтік желілердегі БЖЗҚ-ның ресми парақшаларынан алуға болады.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы

ПОЛЕЗНЫЕ СОВЕТЫ

ВЕСЕННИЕ ЛАЙФХАКИ: ЧТО НУЖНО ДЕЛАТЬ ВЕСНОЙ



Весна из года в год такая долгожданная, а врывается в нашу жизнь всегда неожиданно, буквально застаёт врасплох. Но как ни крути эта беспардонность природы вызывает у нас только положительные эмоции. Мы готовы сделать все, что планировали долгими зимними вечерами. Список таких мероприятий кажется нам бесконечным. Мы пытаемся совместить приятное с полезным, обязательное с второстепенным. Предлагаем список полезных советов, которые помогут вам в весенний период.

1. Больше витаминов

Начнем с расхожей и очень справедливой проблемы нехватки витаминов в весенний период. Надо помочь организму пробудиться после долгой и темной зимы, чтобы он мог всецело впитывать все прелести сезона перемен. Надо бороться с наследием зимы — авитаминозом, а точнее, его собратом гиповитаминозом.

Гиповитаминоз — состояние организма, при котором наблюдается частичная нехватка того или иного витамина или их сочетания. Последствия гиповитаминоза весьма разнообразны и зависят от витамина, которого недостаточно. Решение в данном случае весьма простое, а главное — доступное. Больше витаминов! Можно пойти по пути наименьшего сопротивления и купить комплекс витаминов в аптеке (советуем предварительно

проконсультироваться с врачом). Либо употреблять в пищу богатые витаминами продукты. Настаиваю на том, чтобы вы не усердствовали, не сметали все овощи и фрукты вплоть до экзотических. На самом деле, давно известно, что для определенной народности полезны овощи и фрукты, произрастающие в данной местности. Нам будет полезно то, что есть вокруг (не буквально): яблоки, груши, сливы, редис, свекла, сельдерей, словом, все, что найдете у бабули в закромах.

2. Движение — жизнь

Истина стара как мир, и не теряет своей актуальности. Даже наоборот, с каждым годом все больше подтверждает свою справедливость в контексте сидячего образа жизни, вызванного современным ведением бизнеса на просторах интернета. Всю зиму мы ждем тепла, чтобы даже просто пройтись вечером и понюхать весну. Ведь у нее есть свой запах, согласны? Но в итоге вся наша инициатива тает к концу рабочего дня. Предлагаем начать с малого: передвигайтесь на велосипеде. Конечно, при условии его наличия. Нет велосипеда — купите. Не можете себе этого позволить — выходите на одну остановку раньше до офиса и пройдите ее пешком. Влюблены в автомобиль? Оставляйте машину не на парковке возле работы, а дальше обычного. Мы не призываем вас поступать так в дождь и ветер: еще заболее-

те так, что и витамины не спасут. Но, поступая так изо дня в день, чувство полного удовлетворения собой вам гарантировано. И не забываем о лестнице! Пешком по ступенькам. И только так. Сколько можете, сколько желаете. Вам понравится. Мышцы и суставы скажут вам спасибо.

например, зимой. Такое явление можно сравнить с восхождением на гору: по мере отдаления от земли и приближения к вершине горы концентрация кислорода в воздухе снижается. Пусть незначительно, но ощутимо для организма. А никто не говорил, что будет легко.

ГДЕ-ТО ГЛУБОКО НА ПОДСОЗНАТЕЛЬНОМ УРОВНЕ ВЕСНОЙ МЫ ХОТИМ И ГОТОВЫ К ПЕРЕМЕНАМ.

3. Дышим полной грудью

Словосочетание «кислородное голодание» еще с детства врезалось в нашу память и стойко ассоциируется с приходом весны. Такая связь имеет право на жизнь. Весна — пора активного «озеленения» природы. Именно в этот период растения потребляют кислород, чтобы пробудиться после спячки и заставить наши руки тянуться за телефонами, на которые мы спешим запечатлеть только-только набухшие почки. Не обошлось в данном случае и без физики. Воздух в атмосфере нагревается, становится теплее вокруг, молекулы кислорода отдаляются друг от друга, и в результате за один вдох в наши легкие поступает меньше кислорода, чем,

4. Перемен требуют наши сердца

Где-то глубоко на подсознательном уровне весной мы хотим и готовы к переменам. Девочки меняют прическу, мальчики — машину. Но в целом весна — благоприятное время для смены и других вещей. Можно (и нужно) отказаться от вредных привычек. И начать можно со своего мышления: старайтесь рассуждать позитивно, продуктивно. Не осуждайте. Благодарите. Можно поменять стиль. Экспериментируйте, удивляйтесь себе. Это вдохновляет. Поменяйте маршрут, по которому вы добираетесь на любимую работу. Что? Работа не любимая? Поменяйте работу. Рискните. Риск — дело благородное.

НА САМОМ ДЕЛЕ, ДАВНО ИЗВЕСТНО, ЧТО ДЛЯ ОПРЕДЕЛЕННОЙ НАРОДНОСТИ ПОЛЕЗНЫ ОВОЩИ И ФРУКТЫ, ПРОИЗРАСТАЮЩИЕ В ДАННОЙ МЕСТНОСТИ.



Поздравляет!

Уважаемую Былинкину Елену поздравляем с Днем рождения!



Пусть много красивых и ярких моментов
С собой принесет День рождения!
От нежных, заботливых слов, комплиментов
Улучшается пусть настроение!
Пусть дни украшают тепло и внимание,
Наполнится сердце любовью,
И вскоре исполнятся все пожеланья
Удачи, успехов, здоровья!

Служба доставки г. Сарани

ПОДПИСКА



ИНДИВИДУАЛЬНАЯ:
ГОДОВАЯ - 5830 ТГ.
ПОЛУГODOВАЯ - 2915 ТГ.
ТРИ МЕСЯЦА - 1458 ТГ.

АЛЬТЕРНАТИВНАЯ:
ГОДОВАЯ - 4000 ТГ.
ПОЛУГODOВАЯ - 2000 ТГ.
ТРИ МЕСЯЦА - 1000 ТГ.

ЮРИДИЧЕСКАЯ:
ГОДОВАЯ - 13794 ТГ.
ПОЛУГODOВАЯ - 6897 ТГ.

ПОДПИСЫВАЙТЕСЬ В РЕДАКЦИИ ПО УЛ. ЖАМБЫЛА, 69/1
ИЛИ ПО ТЕЛЕФОНУ: +7 775 945 23 23 (WHATSAPP)

РЕКЛАМА ОБЪЯВЛЕНИЯ ПОЗДРАВЛЕНИЯ

На LED экране



**ПОДАВАЙТЕ
ОБЪЯВЛЕНИЯ
НЕ ВЫХОДЯ
ИЗ ДОМА!**

+7 775 945 23 23

ПН-ПТ С 9.00 ДО 18.00 ЧАСОВ

**БУДЬТЕ В КУРСЕ ВСЕХ
НОВОСТЕЙ В ГОРОДЕ!**

Саран газеті
ЕЖЕНЕДЕЛЬНАЯ ГОРОДСКАЯ ГАЗЕТА

праздником Великой Победы!

В мае 2015 года ПРАЗДНИЦА № 20 (1995)

**АДАМ САТУДАН
САҚТАНЫҢЫЗ**

**ОСТЕРЕГАЙТЕСЬ
ТОРГОВЛИ ЛЮДЬМИ**

ШЕТЕЛГЕ НЕМЕСЕ БАСҚА
ҚАЗАҚСТАН ҚАЛАСЫНА
ҚАУІПСІЗ ШЫҒУ ЖӘНЕ ЖҰМЫСҚА
ОРНАЛАСУ СҰРАҚТАРЫ
БОЙЫНША КЕҢЕС АЛУ ҮШІН
ҚОҢЫРАУ ШАЛ!

ПОЗВОНИ И ПОЛУЧИ
КОНСУЛЬТАЦИЮ
ПО ВОПРОСАМ БЕЗОПАСНОГО
ВЬЕЗДА И ТРУДОУСТРОЙСТВА
ЗА ГРАНИЦЕЙ И В ДРУГОМ ГОРОДЕ
КАЗАХСТАНА!

11616 ҚЫЗЫЛ БАҒЫТ

11616 ГОРЯЧАЯ ЛИНИЯ

| | | | | | | | | |
|----------------------------|---|---|---|---|--|--|---|--|
| <p>Саран газеті</p> | <p>Директор ТОО «Саран тынысы», главный редактор Б.Е. МАЙПАСОВА</p> | <p>Газета зарегистрирована в Министерстве информации и коммуникаций Республики Казахстан. Свидетельство 16307-Г от 18.01.2017 г. (номер и дата первичной постановки на учет № 869-Г, 16.09.1999 г.)</p> | <p>Собственник: ТОО «Саран тынысы»</p> | <p>Адрес редакции: 101200 г. Сарань, ул. Жамбыла, 69/1 Тел., факс: 5-10-15 sarangazeti@mail.ru</p> | <p>Выходит два раза в неделю, форматом А3 Тираж 778 Распространяется по подписке и в розницу в г. Сарани и пос. Актас</p> | <p>Газета набрана и сверстана в редакции</p> | <p>Отпечатано в ТОО «Типография «Арко» 100009 г. Караганда, ул. Сатпаева, 15 Печать офсетная. Заказ № 19</p> | <p>Опубликованные матери- алы не всегда отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность сведений, содержащихся в публика- циях и рекламном тексте, несут авторы публикаций и рекламодатели.</p> |
|----------------------------|---|---|---|---|--|--|---|--|

ANTIKOR

Агентство Республики Казахстан по противодействию коррупции
(Антикоррупционная служба)

**ЕСЛИ ВЫ СТОЛКНУЛИСЬ С КОРРУПЦИЕЙ,
ЗВОНИТЕ ПО НОМЕРУ**

CALL-ЦЕНТР **1424** ЗВОНОК БЕСПЛАТНЫЙ

#НЕДАВАЙВЗЯТКИ #ПАРАБЕРМЕ